

**«№1 Talant» жалпы білім беру мектебі
КЕЗЕКТЕН ТЫС 11-СЫНЫП АТА-АНАЛАР
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ**

Күні: 22.04.2026 ж

Өткізілген орны: Мектеп мәжіліс залы

Қатысқандар:

- Мектеп әкімшілігі
- 11-сынып жетекшілері
- 32 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қорытынды емтихан кестесі
2. Соңғы қоңырау мерекесі туралы
3. Аттестат тапсыру рәсімі
4. Түлектер кеші
5. Жиі қойылатын сұрақтар
6. Сұрақ-жауап

ТЫҢДАЛДЫ:

Алғаш сөз кезегін мектеп директоры Р.Е. Арғынбай алып, жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Өз сөзінде ата-аналарды 22.04.2026 жылғы №84 бұйрықпен таныстырып өтті. Аталған бұйрыққа сәйкес мектеп бітіруші түлектерге арналған іс-шараларды ұйымдастыру барысында төмендегі әрекеттерге қатаң тыйым салынатыны ескертілді:

- Ақша жинауға;
- Мұғалімдерге гүл және сыйлық беруге;
- Банкет, дастархан ұйымдастыруға;
- Рұқсатсыз мерекелік іс-шаралар өткізуге;
- Фото және бейнетүсірілімге ақша жинауға;
- Артық сән-салтанат (лимузин, кортеж) ұйымдастыруға.

Сонымен қатар, барлық іс-шаралар мектеп әкімшілігінің бақылауымен және мектеп аумағында өткізілетіні қатаң түрде ескертілді. Мектеп директоры ата-аналарға заң талаптарын және білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп ережелерін сақтау қажеттігін атап өтіп, кез келген бастама мен ұсыныстар міндетті түрде мектеп әкімшілігімен келісіліп жүзеге асырылуы тиіс екенін жеткізді.

Сондай-ақ, түлектерге арналған іс-шаралардың тәрбиелік мәні жоғары, қарапайым әрі мазмұнды деңгейде ұйымдастырылуы керектігі айтылды. Оқушылар арасында теңсіздік тудырмау, артық шығынға жол бермеу және ата-аналарға қаржылық жүктеме түсірмеу басты талаптардың бірі екені ерекше атап өтілді.

Өз сөзінің соңында мектеп директоры ата-аналарды мектеппен тығыз байланыста жұмыс жасауға шақырып, оқушылардың қауіпсіздігі, тәртібі және мектеп абыройын сақтау мәселелері баршаға ортақ жауапкершілік екенін еске салды.

Келесі сөз кезегін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Р. Байбатша алып, 11-сынып оқушыларының қорытынды емтихан кестесімен толық

таныстырды. Емтихандардың өткізілу мерзімі, форматы, талаптары мен бағалау жүйесі туралы нақты ақпарат берілді. Ата-аналарға оқушылардың дайындық деңгейіне ерекше көңіл бөлу қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар, емтихандардың белгіленген талаптарға сәйкес қатаң түрде жүргізілетіні, академиялық адалдық қағидаларын сақтау басты назарда болатыны атап өтілді. Оқушылардың емтихан барысында тәртіп сақтау, белгіленген ережелерді бұзбау қажеттігі ескертілді.

Р. Байбатша ата-аналарға балалардың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, үй жағдайында қолайлы оқу ортасын қалыптастыру, қосымша дайындық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу маңыздылығын түсіндірді. Сондай-ақ, оқушылардың психологиялық дайындығына назар аудару, артық күйзеліс пен шаршаудың алдын алу қажеттігі айтылды.

Қорытынды аттестаттау кезеңінде ата-аналар мен мектеп арасындағы өзара байланыс пен қолдаудың маңызды екендігі ерекше атап өтілді. Емтихан нәтижелерінің оқушылардың болашақ білім алу бағытына әсер ететінін ескере отырып, жауапкершілікпен қарау қажеттігі түсіндірілді.

Үшінші болып сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А.Исмайлова төмендегі мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді:

Соңғы қоңырау мерекесінің өткізілу тәртібі;

Аттестат тапсыру рәсімінің ұйымдастырылуы;

Түлектер кешін өткізу талаптары.

Өз сөзінде ол аталған іс-шаралардың барлығы мектептің ішкі тәртіп ережелеріне және қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылатынын атап өтті. Соңғы қоңырау мерекесінің бекітілген сценарий бойынша, артық сән-салтанатсыз, тәрбиелік мәні жоғары форматта өтетіні түсіндірілді.

Аттестат тапсыру рәсімінің ресми сипатта, белгіленген тәртіпке сай, мектеп қабырғасында өткізілетіні және ата-аналар мен оқушылар үшін нақты уақыт кестесі алдын ала хабарланатыны жеткізілді.

Түлектер кешіне қатысты барлық шаралар мектеп әкімшілігінің келісімімен ғана ұйымдастырылуы тиіс екені, қауіпсіздік талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті бұзбау және оқушылардың жауапкершілігін арттыру басты назарда болатыны ескертілді.

Сонымен қатар, оқушылардың өмір қауіпсіздігі бірінші орында екендігі ерекше атап өтіліп, ата-аналарға балаларын тұрақты бақылауда ұстау, кешкі уақытта рұқсатсыз жүруіне жол бермеу, белгіленген уақыт тәртібін сақтау қажеттігі түсіндірілді. Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заң талаптарын сақтау, күмәнді жағдайлардың алдын алу және кез келген төтенше жағдайда мектеп әкімшілігімен немесе тиісті органдармен дереу байланыс орнату қажеттігі айтылды.

Өз сөзінің соңында тәрбие ісі жөніндегі орынбасар ата-аналарды мектеппен тығыз байланыста болып, бірлескен тәрбие жұмысын күшейтуге шақырды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға мектеп әкімшілігі тарапынан нақты, толық жауаптар берілді. Жиі қойылған сұрақтар қатарында емтихан өткізу тәртібі, соңғы қоңырау мерекесінің форматы, аттестат тапсыру уақыты және түлектер кешін ұйымдастыру мәселелері кеңінен талқыланды.

Ата-аналар емтихан барысында бақылаудың күшейтілуі, бағалау жүйесінің әділдігі, сондай-ақ қосымша консультациялар ұйымдастыру мүмкіндіктері туралы сұрақтар қойды. Сонымен қатар, соңғы қоңырау мен аттестат тапсыру рәсімдеріне ата-аналардың қатысу тәртібі, шақырылатын қонақтар саны және өткізу форматы бойынша да түсіндірмелер берілді.

Түлектер кешіне қатысты ата-аналар тарапынан қауіпсіздік шаралары, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалар және мектеп тарапынан қойылатын талаптар туралы сұрақтар көтерілді. Бұл мәселелер бойынша мектеп әкімшілігі нақты талаптар мен шектеулерді түсіндіріп, барлық іс-шаралардың мектеп бақылауында өтетінін тағы да ескертті.

Сондай-ақ, ата-аналар тарапынан ұсыныстар мен пікірлер айтылып, олар мектеп әкімшілігі тарапынан назарға алынатыны жеткізілді. Жиналыс барысында мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың қауіпсіздігі мен сапалы білім алуына бірлесіп жағдай жасау қажеттігі ерекше атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Қорытынды емтихан кестесі ата-аналарға таныстырылып, назарға алынсын.
2. №84 бұйрық талаптары қатаң сақталсын.
3. Барлық іс-шаралар мектеп әкімшілігінің бақылауымен өткізілсін.
4. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ата-аналардың тұрақты бақылауында болсын.
5. Сынып жетекшілері ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізсін.

Жиналыс төрағасы:

Р.Е.Арғынбай

Хатшы:

А.Құрманай